«8D03205 Архивтану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Максымканова Айханым Ханайқызының «Қазақстан Республикасы архивтеріндегі жеке тектік қорлар: қалыптастырудың ғылыми негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	А.Х. Максымкананың диссертацтялық жұмысы «8D03205 Архивтану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттырына бағытталған және «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мемлекеттік бағдарламалардың бағытына сәйкес келеді. Диссертацияда Қазақстан Республикасындағы республикалық архивтеріндегі жеке тектік қорларды қалыптастырудың ғылыми негіздері зерттелген. Диссертациялық жұмыс автордың жеке бастамасымен орындалған, мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын ғылыми жоба немесе мақсатты бағдарламаларға қатысы жоқ. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасында ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	

		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	тұжырымдамасында айқындалған «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарды дамыту» бағытына сәйкес орындалды. Диссертация Қазақстан Республикасы үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басты бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлесін қосады, маңыздылығы толық ашылған. - Жұмыста ҚР ОМА, ҚР ПА, ҚР ОМҒТҚА-дегі жеке тектік қорлардың дамуы және олардың ерекшеліктері зерттелді. - жеке тектік қорларды қалыптастырудың қазіргі жағдайы алғаш рет баяндалған. - шетелдік және отандық архивтердегі жеке тектік қорларды қалыптастыру алғаш рет салыстырмалы талданды. 2.1. Қосады, ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Максымканова Айханым Ханайқызының диссертациялық жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары. Зерттеу тақырыбын толығымен игерген. Оның нәтижелері Қазақстандық және шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі кіріспеде негізделген. Бұл ғылыми еңбектің тақырыбы өте өзекті және дер кезінде қолға алынған тақырып. Қазақстан

			Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейінгі көптеген түсініктер мен ұғымдар, әртүрлі дәрежедегі тарихи тұлғалардың қызметі мен рөлін айқындау мәселелері жеке тектік қорларды қалыптастыруға әсер етті. Жеке тектік қорларды қалыптастыру туралы жаңаша көзқарастар мен тұжырымдар пайда болды. Бірақ олар арнайы ғылыми негізде айқындала қойған жоқ. Тақырыптың мақсаты жеке тектік қорларды қалыптастырудың ғылыми негізін жасау. Ал бұл мәселе зерттеу тақырыбының мазмұнын ашуға жеке тектік қорларды қалыптастырудың ғылыми мәселелері, архивтерді электрондық негіздегі жеке тектік құжаттармен жинақтау мәселелері, жеке тектік қор құжаттарын қалыптастыруға қоятын жаңа талаптар мен ұсыныстар негіз болады. 4.1 Негізделген
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: **1) айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны тақырыпты толық ашады. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары зерттеудің мазмұнын айқындайды. Сонымен қатар, зерттеу барысында жасалған тұжырымдар диссертация тақырыбымен тікелей байланысты және оның мазмұнын ашады. Диссертацияның мазмұны зерттеу

			тақырыбын толық сәйкес келеді. 4.1 Айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: **1) сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбында қойылған мәселені шешуге толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының мақсаты: Республикалық архивтердегі жеке тектік қорларды қалыптастырудың ғылыми негіздерін зерттеу және айқындау. Мақсатты жүзеге асыру үшін қойылған міндеттер: – ҚР ОМА-дегі жеке тектік қорлардың қалыптасуы және әдістемелік негіздерін талдау; – ҚР ПА-дегі жеке тектік қорлардың дамуы және оның ерекшеліктерін сипаттау; – ҚР ОМҒТҚА-дегі жеке тектік қорлардың қалыптасуының барысын қарастыру, талдау; – жеке тектік қорларды қалыптастырудың қазіргі жағдайын талдау; – шетелдік және отандық архивтердегі жеке тектік қорларды қалыптастыруды салыстырмалы талдау; – жеке тектік қорларды қалыптастырудың ғылыми негіздерінің күрделі мәселелерін анықтау; – архивтерді электрондық негіздегі жеке тектік құжаттармен жинақтау, есепке алу мәселелерін айқындау; – жеке тектік қор құжаттарын мемлекеттік архивтерде қалыптастыру жөнінде

			ұсыныстар жасау;
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: **1) толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы бір-бірімен толық байланысқан. Тараулар мен тармақшалардың қорытындылары үндеседі. Қазіргі таңдағы дереккөздерді сыныптау мен жүйелеудің заманауи әдістерін пайдалана отырып жеке тектік қор құжатттарына сипаттама берілген. Сондай-ақ қосымшалар сараптаманың дәлелдік базасы ретінде көрсетілген. Ізденушінің қол жеткізген нәтижелері бірін-бірі толықтыра отырып, өзара құрылымдық сабақтастығынан ауытқымай, жүйелі түрде жасалған пайымдаулары маңыздылығын арттырады. 4.4. Толық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: **1) сыни талдау бар;** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертациялық жұмыста автор ұсынған жаңа шешімдер бұрыннан белгілі шешімдермен бірге қарастырып сыни талдау жасаған. Әдіс-тәсілдер орынды қолданып, тарихи фактілерге негізделген ойларын жұмысында тұжырымдап баяндаған. Зерттеу жұмысының ерекшелігіне байланысты жеке тектік қорлардың қалыптасуы, қорқұрушылар мен архив арасындағы нормативтік-құқықтық жағдайы, қолжетімділігі мен электрондық цифрлы кеңістікте жеке тектік құжаттарды қалыптастыру барысы басқа елдер тәжіріибелермен салыстырмалы

			түрде талданған. 4.5 Сыни талдау бар.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың ұсынылған ғылыми нәтижелер мен ұсыныстары толығымен жаңа деп бағалауға лайық. Онда – архивтану саласында жеке тектік құжаттармен жинақтау, қалыптастыру, пайдалану мәселелері кешенді түрде тұңғыш рет зерттелуінде; – «жеке тектік құжаттар» мен «жеке тектік қорлар» анықтамаларын тәжірибе негізі мен «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» заңының аясында біріздендіру жолдары айқындалды; – ҚР ОМА-і, ҚР ОМҒТҚА-і, ҚР ПА-нің қызмет бейініне сәйкес жинақтау көздері тізіміне енгізілетін тұлғаларды сала бойынша, марапаттары мен құжаттарының құрамы тұрғысында айқындау жаңаша көзқарас негізінде тұжырымдалды; – жеке тектік қорларды қалыптастырудың ғылыми мәселелері алғаш рет анықталды; Бұл нәтижелер бұрынғы архивтану ғылымында жүйелі түрде қарастырылмаған және зерттеу объектісіне бейімделген жаңа ғылыми ережелерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты, диссертацияда алынған ғылыми нәтижелер мен ұсынылған тәсілдер өз саласында толығымен жаңа деп есептеледі. 5.1 Толығымен жаңа.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары өзінің ғылыми жаңалығымен ерекшеленеді және зерттеу барысында ұсынылған ұсыныстар шешімдерге негізделген. Автор жеке тектік құжаттардың ерекшеліктерін ескеретін нақты ұсыныстар жасалды. Республикалық архивтер жинақтау көздері тізіміне қандай тұлғаларды енгізу туралы жаңаша көзқараста ұсынылды. Олар марапаттары мен салалық ерекшеліктеріне байланысты түрленді, жаңа Тәуелсіз Қазақстандағы жаңа мамандық иелері қосылды. Зерттеу архивтанулық тұрғыдан жүргізілген кешенді түрдегі талдау – отандық ғылымда алғаш рет жүйелі түрде жасалған тұжырым. Зерттеу қорытындылары бұрынғы зерттеулерде жан-жақты қарастырылмаған және жеке тектік қорларды қалыптастыруға деген жаңа ғылыми көзқарастың қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан, диссертация қорытындылары мазмұны мен ғылыми маңызы жағынан жаңа болып табылады. 5. 2 Толығымен жаңа.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	А.Х. Максымкановаңың диссертациялық жұмысы «8D03205 Архивтану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған және гуманитарлық бағыт
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			бойынша әзірленгендіктен, техникалық, технологиялық, басқару шешімдерін талқылауды мақсат етпейді. 5.3 Толығымен жаңа.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (қуолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық зерттеудің барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан жан-жақты дәлелденген және сенімді деректерге негізделген. - Зерттеу нәтижелері ғылыми қауымдастыққа таныстырылып, отандық және шетелдік басылымдарда жарияланды. 6. Негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; **2) жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? **1) ия;** 2) жоқ;	7.1 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттары толығымен дәлелденген; 7.2. Тривиалды емес; 7.3. Қағидаттар жаңа; 7.4. Қолдану деңгейі кең; 7.5. Мақалада дәлелденген. Диссертациялық жұмыстың басты мәселелері мен негізгі қорытындылары бойынша 7 ғылыми мақала, оның ішінде 3 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті тарапынан ұсынылған басылымдарда, 1 мақала Scopus базасына енген журналда, 3 мақала «Жаңа архив» және «Қазақстан архивтері» ғылыми-әдістемелік журналдарында жарияланды.

		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) кең	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмысты дайындау барысында қолданылған әдіснама негізделген ғылыми талаптарға сай және зерттеу мақсаттарына толық сәйкес келеді. Жұмыстың әдіснамалық негізін сол кезеңдегі тарихи даму процесімен бірге қарастыратын тарихилық принципі және тарихнамалық талдау жүргізу үшін маңызы зор ғылыми объективтілік принциптері құраған. Сонымен бірге деректанулық, нақты-тарихилық, тарихи-салыстыру, тарихи-архивтанулық зерттеулердің дәстүрлі әдістері қолданған. Әдіснамалық негіздеме нақты көрсетілген: Автор қолданған әдістер мен тәсілдер зерттеу міндеттерін шешуге бағытталып, ғылыми нәтижелердің дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді. Осылайша әдіснамалық база жақсы құрылымдалған,
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	**1) ия;**	
		2) жоқ.	

			нақты және ғылыми тұрғыдан дәлелденген. 8.1 Иә.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық жұмыстың ғылыми зерттеулердің заманауи компьютерлік технологияларды қолдану, сонымен қатар деректерді өңдеудің және интерпрециялаудың қазіргі заманғы әдістемелерін пайдаланған. Ізденуші жеке тектік қорларды цифрлы кеңістікте қалыптастыру, әлеуметтік желі қосымшалары арқылы жинақтау деректері зерттелген. Бұл тәсілдер алынған нәтижелердің ғылыми негізділігін, нақтылығын және практикалық құндылығын арттырады. 8.2 Иә.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертациялық жұмыста теориялық тұжырымдар, өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеулер арқылы дәлелденген және расталған. Теориялық қорытындылар, тұжырымдар нақты материалдарға және кейінгі зерттеушілердің пікірлерін салыстыра отырып дәлелденген және расталған. 8.3 Иә.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара **расталған** / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер арқылы расталған. Диссертациялық жұмыстың теориялық, методолгиялық негізі дұрыс. Зерттеу жұмысында көрсетілген құнды мәліметтер сенімді және

			нақты. Ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасалған. Қарастырылып отырған мәселе бойынша басқа зерттеушілердің еңбектері талданып, архивтік материалдармен де жұмыс жасалған. 8.4 Расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Диссертациялық жұмыста қамтылған әдебиеттер тізімі 198 библиографиялық сипаттамадан тұрады. Ізденуші шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін, заңдар, халықаралық стандарттар мен нормативтік құжаттарды, сондай-ақ заманауи ғылыми мақалаларды ұтымды пайдалана отырып, әдеби шолуды мазмұнды және ғылыми негізделген деңгейде жүзеге асырған. Әдебиеттер арасында: - республикалық, аудандық, қалалық архивтердегі жеке тектік қорлар; - архивтану, архив ісіне қатысты еңбектер; - Қазақ КСР Министрлер жанындағы Бас Архив Басқармасының бұйрықтары, жоспарлары, хаттары, өкімдік, басқарушы-ұйымдастырушы құжаттар; - әдістемелік құралдар, нұсқаулықтар қамтылған. Пайдаланылған әдебиеттер мазмұны диссертациялық зерттеу мақсаттарын дәлелді негіздеуге және ғылыми тұжырымдарды растауға толық мүмкіндік береді. 8.5 Жеткілікті.

9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: **1) бар;** 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Зерттеуде ұсынылып отырған нәтижелері отандық архивтану ғылымының дамуына өз үлесін қосады. Зерттеу барысында пайдаланылған теориялық-методологиялық ұстанымдары мен принциптерін келешекте жүргізілетін басқа да зерттеулерде пайдалануға болады. 9.1 Бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: **1) ия;** 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы бар, болашақта республикалық архивтерде жеке тектік қорларды қалыптастырудың біріздендірілген жүйесі ұсынылған және жоспарлы түрде атқаруға септігін тигізеді. 9.2 Иә.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар мазмұны жағынан жаңалыққа ие, себебі жеке тектік қорлардың ұлттық архив қоры жүйесіндегі орны, олардың сандық және сапалық тұрғыдағы ерекшеліктері ғылыми негізде айқындалған. Марапаттары мен салалық ерекшеліктеріне байланысты жүйеленді. Жеке тектік қорлардың құрамына жаңа мамандық иелерін ұсынған. Олардың құжаттарының құрамы талданған. Бұл зерттеу заман талабына сай архивтанулық талдау жасалған еңбек болып табылады.

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу деңгейі жоғары, жұмыс дербес әрі толық аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Зерттеу нақты мәселелерді шешуге бағытталған, құрылымы логикалық және түсінікті. Ізденуші ғылыми стильді қатаң сақтап, терминологияны дәл қолданған. Пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелер барлық талаптарға сәйкес келіп, диссертацияның мазмұны мен құрылымы PhD дәрежесін алу үшін қажетті рәсімдеу стандарттарына толық сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияға ескерту жоқ.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторанттың ғылыми мақалалары диссертациялық зерттеу тақырыбына сәйкес және жоғары ғылыми деңгейде орындалған. Жарияланымдарда архивтерде жеке тектік қорларды жинақтау, қалыптастырудың әдістемелік және құқықтық негіздері, қазіргі жағдайы мен мәселелері зерттеудің өзекті бағыты ретінде қарастырылған.

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Максымканова Айханым Ханайқызының «8D03205 – Архивтану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруді қолдаймын.

Ресми рецензент:
«Ө. Жәнібеков атындағы
педагогикалық университеті»
«Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер»
кафедрасының қауымдастырылған профессоры,
тарих ғылымдарының кандидаты
(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі) **(қолы)** **Өтен Гүлзағира Жақсылыққызы**
(Аты-жөні)

«Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ»
Қолын растаймын
Адами ресурстарды дамыту департаментінің
директоры